

# "Адалдық сағаты" өтті



Сыбайлас жемқорлық – қоғам дерті. Ал оның алдын алу – әрбір азаматтың міндеті. Сондықтан да жоғары оқу орындарында студенттерді сыбайлас жемқорлық құбылыстарына қарсы әрекет ете білуге тәрбиелеу аса маңызды.

Жуырда М.Әуезов атындағы ОҚМУ колледжінде бірыңғай «Адалдық сағаты» өткізілді. Аталған іс-шарада колледж табалдырығын жаңа аттаған І курс студенттеріне М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың тәрбие ісі және жастар саясаты департаментінің директоры С.Мәжінбеков және колледж директоры, т.ғ.д, профессор С.Әлібек дәріс оқыды.

Өз кезегінде колледж директоры С.Әлібек «Саналы ұрпақ» жобалық кеңсесінің және «Саналы ұрпақ» ерікті клубының жұмысына тоқталып кетті. Студенттерге жоғарыда аталған тақырып бойынша дәріс жүргізген С.Мәжінбеков жалпы адамгершілік және ұлттық құндылықтар аясында өскелең ұрпақтың бойына сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және оған қарсы тұруға дайын тұлғаларды тәрбиелеуіміз керектігін айта кетті. Сонымен қатар әрбір жеке тұлғаның өз бойындағы адами қасиеттерін, рухани байлығын үнемі дамытып, жан-жақты жетілген, бәсекеге қабілетті жас маман болу өз қолдарында екенін айта отырып, жастарды адалдық қоғамын құруда белсенділікке шақырды. Іс-шара соңы саясаттану пәнінің оқытушысы Н.Досыбайдың ұйымдастыруымен өткен дөңгелек үстелге ұласты.

**Н.АЙТУРЕЕВА,**

**М.Әуезов атындағы ОҚМУ колледжінің оқытушысы.**